

Қорытынды. Қорыта келгенде, XVIII-XIX ғасырларда қазақтың абыройын көтерген ұлттық батырларымыздың бірі – Шығармадағы Жанқожа бейнесін тілдік ерекшеліктер арқылы хал-қадірімізше оқырман назарына ұсындық. Жоғарыда айтылған пайымдаулардан, бір мақалада аясында аталған Шығарманы жан-жақты талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан Шүкіровтану ілімін зерттеушілерге бағыт-бағдар немесе ой салу деп қараған жөн болар. Бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, Арал теңізінің асау толқынындай өршіл, қазақтың тума талант иесі, көзі тірісінде-ақ «Қазақ Островскийі» атанған ақын Зейнолла Шүкіровке «қазақ әдебиетіндегі жаңа құбылыс иесі (феномені)» деген жолдарды қосып айтсақ, әдеби ортада Зейнолла әлемі одан әрі биіктей беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер.

1. **Шүкіров, З.** «Сыр бойы» кітабы. Тарихи роман - 1 т. – А.: «Қайнар» басп., 2006. – 432 б.;
- Шүкіров З. «Сыр бойы» кітабы. Тарихи роман - 2 т. – А.: «Қайнар» басп., 2006. – 400 б.
2. **Бабыр, Захир ад-дин Мухаммед.** Бабырнама. Жоғары кл. оқушыларына арн./Орыс тілінен ауд. Б. Қожабеков. – А.: «Жалын» басп., 1990. – 320 б.
3. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі/Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – А.: «Арыс» басп., 2005. – 824б. (электронды каталог).
4. **Жанұзақов, Т.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – А.: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. **Қалиев, Б. Қ.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. – А.: «Керемет медиа», 2023. – 496 б.(электронды каталог).
6. Айбын. Энциклопедия/Бас ред. Б.Ө.Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 б.
7. **Оңдасынов, Н.** Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – А.: «Қазақстан» басп., 1974. – 384 б.
8. Еру//<https://kk.wikipedia.org/wiki/Еру-қараған> күні- 15.06.25ж.
9. **Мұсабекова, Ф.** Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. Педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. Қазақ ССР Оқу министрлігінің коллегиясы бекіткен. – А.: «Мектеп» басп., 1973. – 193 б.
10. **Байтұрсынов, А.** «Тіл тағылымы» (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – А.: «Ана тілі» басп., 1992. – 448 б.
11. **Жанұзақ, Т.,** Рысберген, Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – А.: «Азия» басп., 2004. – 128 б.
12. **Қайдар, Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – А.: «Ана тілі» басп., 1988. – 304-б.
13. **Қожанұлы, М.** Қазақ этнонимдер жүйесі (Қазақстанның батыс өңірі этнонимдеріне қатысты тарихи, шежіре және тілдік деректер негізінде). Монография/Өңделген, толықтырылған 2-ші басылымы. – Аст., 2024. – 522 б.
14. **Қаназ, М.** Жанқожа: хикаят пен әңгімелер. – А.: «Өлке» басп., 2001. – 255 б.

FTAMP 15.41.21:06.39

ӘОЖ 316.46:008:352:353:354

КӨШБАСШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДА ДАМУ ТЕТІКТЕРІ

Примжанова А.А., amina.abutalipovna@mail.ru

Ахметова Г.Я., gulnaz270183@mail.ru

Еримбетова Б.А., экономика ғылымдарының магистрі, bekzat91@mail.ru

Илимбаева Д.Ш., студент, dilnaz.ilimbaeva07@gmail.com

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада мемлекеттік басқару жүйесіндегі көшбасшылықты дамыту жолдары қарастырылады. Қазіргі кезеңде тиімді басқару мен стратегиялық шешім қабылдау үдерісінде көшбасшының ролі ерекше мәнге ие. Мақалада көшбасшылықтың теориялық негіздері, оның түрлері

мен моделдері талданады, сондай-ақ мемлекеттік қызмет жүйесіндегі көшбасшылық құзыреттерін қалыптастыру және жетілдірудің негізгі бағыттары көрсетіледі.

Кілт сөздер. Мемлекеттік басқару, көшбасшылық, субъект, эмпирикалық зерттеу, аккредитациялау, корпоративтік мәдениет, гендерлік саясат.

Кіріспе. Тиімді басқару әрекетінің құрамдас бөлігі болып табылатын көшбасшылықты дамыту тұжырымдамасы мемлекеттік қызметшілердің жұмысын жетілдірудегі мақсаттар мен міндеттерді, негізгі бағыттарды, стратегияларды айқындайтын теориялық нысан болып табылады. Ол өз кезегінде көшбасшылықтың ұйымдастырушылық басқарудың нәтижелілігіне тікелей тигізетін әсері есебінен мемлекеттік бақару жүйесінің тиімділігін арттыруға жағдай жасайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мемлекеттік басқару шеңберіндегі ұйымдастырушылық байланыстарды нормативтік деп айтуға болады, өйткені олардың сипаттамалары мен мазмұндары қоғам өмірінің кез-келген мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қалыптастырылады.

Нәтижелер және оларды талқылау. Көшбасшылықты мемлекеттік басқару құрылымына кіріктірілген элемент ретінде қарастыруға болады. Бұл көрініс мемлекеттік басқарудағы заманауи үдерістерге қатысты көшбасшылықтың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Бұл мемлекеттік басқарудың даму бағыттары әлеуметтік бағдарланған басқару арнасында көшбасшылықты дамытудың бастапқы тиістілігіне қарай оның тұжырымдамалық негіздерін әзірлеудің алғышарты болып табылады. Көшбасшылықты дамыту тұжырымдамасын әзірлеу ішкі ұйымдастырушылық өзара әрекеттерді дамыту басымдықтарымен және мақсаттарымен байланысты болып, мемлекеттік органдардың ішкі жүйесінде іскерлік әріптестік қағидалары арқылы құрып, азаматтардың тарапынан мемлекетке деген көзқарастарының өзгеруін сипаттап, іс-әрекеттер субъектілерінің өзара трансформациялық жайғастырылуы, қоғамдық басқаруды ұйымдастырудың демократиялық қағидаларымен айқындалады. Мемлекеттік басқару жүйесінде көшбасшылықты дамытудың тұжырымдамасы өзара келісілген жүйелерді көрсетеді. Себебі олардың мақсаты тек басқару тиімділігін арттыру ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің рөлін оңтайландыру, өйткені ол халықтың мүддесін ғана іске асырып қана қоймайды, сонымен бірге азаматтық қоғамды қалыптастыруда белсенділік танытуында болып отыр [1, 82-б].

Мемлекеттік басқаруда көшбасшылықты дамытудың негізгі бағыттары мен басымдықтары, ең алдымен, 2-тарауындағы эмпирикалық зерттеулерге сүйенуі қажет. Өйткені аталған әлеуметтік зерттеудің қорытындылары оның негізгі даму бағыттарын анықтайтын көрсеткіштерден құралған. Бұл әртүрлі ұйымдастырушылық сатыларының түрлі лауазымдық деңгейлерін құратын қызметшілер тарапынан көшбасшылықты түсіндірудің маңызды бөлігі болып табылады. Тұжырымдаманың негізгі бағыты ол оның білім беру бөлімі болып табылады. Бұл аталған ұғымның білім беру саласына жататын белгілерді жинаған көп мағыналылығымен байланысты.

Олардың құрамына келесілер кіреді:

1. Мемлекеттік басқару жүйесінде көшбасшылықты алдыңғы қатарға қоятын бірыңғай жүйені дамыту бойынша келісілген басқарушылық шешімдерді қабылдау тетіктерін құру. Бұл инновациялық білім (ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мен өңірлік орталықтар) қызметін болжау мен стратегиялық жоспарлау іс-әрекеттерінің үйлесімді жүзеге асырылуымен қатар, басшыларды даярлау, олардың білім сапасына (заманауи деңгейдегі басқарушылық әрекеттерге қатысты әлеуметтік-психологиялық технологияларды қолдану) қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеу жолымен аталған жүйені жаңғырту жөнінде келісілген шешімдер қабылдауды көздейді. Бұл ережелер көшбасшылық ерекшеліктерінің әлеуметтік феномені ретінде келісіліп, оның дамыту шараларының жүйесі дәстүрлі оқытудың (дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар) шеңберінен асып, оқыту объектісінің тұлғасына белсенді түрде әсер етіп, әдіснамаларды қолдануды көздейді.

2. Мемлекеттік қызметтегі басшылардың көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру жүйесінің бірыңғай тәсілін айқындайтын оқу бағдарламалары мен нормативтік құжаттарды алқалық дайындау. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау сатысы мен деңгейін анықтау,

осындай оқу бағдарламаларын стандарттау, аттестаттау мен аккредитациялау мәселелерін реттейтін нормативтік базаларды құру. Мұндай шаралар өз кезегінде мемлекеттік органдардың тұрақты қызмет жасауларына жағдай жасап, бірыңғай оқыту кеңістігінің шеңберінде жаңа басқарушылық мәдениеттерді әзірлеуге өзіндік әсерін тигізетіні сөздік. Басшыларды даярлау білім сапасын қамтамамыз етіп отыратын тиімді бақылау жүйесін құру. Мұндай жұмыстар, ең алдымен, көшбасшылық түрлі ғылыми мектептер мен әлеуметтік жағдайларды (жеке қасиет теориясы, іс-әрекет тәсілі, танымдық тұжырымдама, жүйелік тәсіл, жағдайлық теория) талдау бағытын зертеу пәні болғандықтан анықталады. Сондықтан оқу бағдарламаларының дұрыс әзірленуі үшін және олардың пайдалылығын бағалау мақсатында, көшбасшылықты қарастырған түрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың зерттеу нәтижесінде алынған түсініктерді ескеру қажет. Аталған мақала барысындағы қойылған міндетке сәйкес, әртүрлі авторлардың берген анықтамаларын компиляциялау зерттеу пәнін және мемлекеттік басқарудағы көшбасшылыққа әсер етуші тетіктер мен факторларды толық зерделеуге мүмкіндік береді.

3.Белсенді ақпараттық ресурстар мен ұйымдастырушылар үлгілерін әзірлеу мақсатында, ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жүйелерін қалыптастыру. Өз кезегінде, мұндай шара алдындағы қатарлы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қолдану арқылы, ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы мен мемлекеттік қызметшілерді даярлайтын өңірлік орталықтарға бірлескен оқыту бағдарламаларының іске асыру мүмкіндік береді. Бұл рәсім мемлекеттік қызметтің өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының жергілікті жағдайларға қарай ыңғайлау арқылы, өңірлік оқу бағдарламаларының компоненттерін дербес қалыптастыру бойынша тәсілдерді қарастырады.

4.Мемлекеттік басқару жүйесінде көшбасшылық дамыту жұмысын барлық мемлекеттік органдарды тарту тетіктерін құру және басқару сапасы бағдарлаудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін әзірлеу. Бұл іс-әрекет бағытының екі қыры бар. Біріншісі мемлекеттік органдардың бөлімшілерін құрайды және оның функцияларына оңтайлы білікті ұйымдастырушылық кадрлық құрамды қамтамасыз етеді, себебі олардың жауапкершілігіне қарай ұсынылып отырған оқыту бағдарламаларының іске асырылу сапасын қадағалау арқылы мемлекеттік органдардағы көшбасшылықтың дамуына қарай бағыттайды. Екіншісі – оқу бағдарламаларының басты нысаны, яғни мемлекеттік органдардың басшылары мен мемлекеттік қызметшілер, өйткені ол көшбасшылық санаттарының дербес басқарушылық компоненттерін бағдарланған іс-әрекет түрі, бұл басқарушылық өзара іс-әрекеттер басқару объектілері мен субъектілерінің ерекшеліктерін ескерілуі тиіс. Бұл аталған көшбасшылық зеріттеулерімен дәлелденеді, себебі сол арқылы барлық басқару әрекетінің қатысушылары (басшылар мен қызметкерлер) көшбасшылықты даму үрдісіне тартылуы тиіс екендігін байқатады[2, 102-6].

Мемлекеттік басқару жүйесінде көшбасшылықты дамыту мен қалыптастырудың негізгі мақсаты басқару тиімділігін қамтамасыз етуде ішкі ұйымдастырушылық өзара іс-әрекеттердің жаңа сапасына қол жеткізу, қызметі оңтайландыру, билік құрылымдары мен азаматтардың өзара әрекеттерін көрсетеді. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі басымдылықтардың шешімін қарастыру қажет:

- мемлекеттік басқару жүйесінде көшбасшылықты зерттеу жөніндегі ғылыми-зертеушілік бағдарламалар құру;
- оқу курстарын әзірлеу және мемлекеттік басқаруда тиімді көшбасшылықты жүзеге асыру үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету;
- көшбасшылық негізінде басшыларды басқару технологияларына оқыту бағдарламаларын іске асыру;
- нақты ұйымдастырушылық жағдайға жүгіне отырып, үнемі бақылау жүйесін құру және басқару сапасын жетілдіру мүмкіндіктерін қарастыру. Оның негізінде ғылыми басымдықтарға ие болған қағидаттар жатыр[3, 82-6].

Олардың ішіндегі негізгілер келесілер:

1. Ғылымилық қағидаты: көшбасшылықты қалыптастыру іс-шаралары зерттеу мәліметтеріне негізделуі, сонымен бірге басқару саласындағы ғылыми жетістіктері, әлеуметтік даму заңдылықтары, мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың заманауи кезеңдері арқылы сипатталуы тиіс;

2. Жүйелілік қағидаты: көшбасшылықты қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өзара байланысқан, өзара ықпалдасқан және басқарушылық әрекетіне қатысушы басшымен қызметкерге бағытталған әсерін көрсетуі керек;

3. Кешенділік қағидаты: барлық басқарушылық жүйенің жан-жақты қамтылу қажеттілігі, яғни, барлық бағыттар мен ұйымның құрылымдық қасиеттері (жас ерекшеліктерін, гендерлік саясат, білімділік, кәсібилік және т.б.) ескерілуі тиіс;

4. Дербестік қағидаты: көшбасшылықтың өзіндік ерекшелігіне қарай басқару санаттарымен байланыстылығы, басшылар мен қызметкерлердің тұлғалық әсерлілігі басқару үрдісінің әрбір қатысушысының тұлғалық қасиеттерін ескере отырып іске асырылу қажет;

5. Қол жетімділік қағидаты: көшбасшының қалыптасуының негізгі тетіктерін құраушы рәсімдер деңгейлері ықпал етуші объектігі сәкес болуы және оның күрделілігі кезең-кезеңімен арттырып, әрбір қатысушының дағдыларымен өлшенуі тиіс.

Қазақстан Республикасында көшбасшылықты дамытуда келесідей мәселелер қалыптасқан:

- корпоративтік мәдениетті қажетті деңгейде бағаламау;
- көшбасшыларды іздеу ауқымының тарлығы;
- тиімділікті дұрыс бағалай білмеу[4,.92-б].

Қорытынды. Жоғарыдағы көшбасшылықтың негіздері арқылы келтірілген басқарушылық мәдениетті дамыту тұжырымдамасының ережелері тек қана оқу бағдарламаларына, дәрістерді жүргізу үлгілеріне өзгерістер енгізіп қана қоймай, сондай-ақ мемлекеттік органдардың персоналды басқару бөлімдерінің де мәртебесін өзгертуге алып келеді. Мұндай өзгерістердің, ең алдымен, кадрлық құрам туралы статистикалық мәліметтер әзірлеумен ғана айналысып отырған, персоналды басқару бөлімдерінің функцияларына қатысы бар.

Әдебиеттер

1. **Тұрғынбаева, Б.А.** Көшбасшылық қасиеттерді дамыту және кәсіби өсу жолдары. – Алматы: Рауан, 2018.
2. **Әбдірахманова, Г.Т.** Мемлекеттік басқару негіздері. – Алматы: Экономика, 2020.
3. **Рахымбердиева, Л.** Көшбасшылық және ұйымдық мінез-құлық. – Алматы: 2019.
4. **Жанбозова, А.М.** Мемлекеттік басқарудағы кәсіби даму мен көшбасшылықтың өзара байланысы // Қоғам және дәуір. – 2023. – №4.

FTAMP 06.52

ӨОЖ 330.34:338.1(574)

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Алматова А.А., педагогика ғылымдарының магистрі, aiz_janimka@mail.ru
Талқанбаева М.М., студент, madina01@mail.ru

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Аннотация. Экономикалық даму – мемлекеттің өндірістік әлеуетінің артуы, инновация мен инвестицияның өсуі арқылы қоғамның материалдық негізін нығайту процесі болса, әлеуметтік әл-ауқат – халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің жиынтығы болып табылады. Экономикалық өсудің нәтижесі әлеуметтік саясат арқылы халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталады. Ал өз кезегінде әлеуметтік тұрақтылық пен жоғары өмір сүру